

Көкпекті ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Көкпекті ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 сәуірде № 3773 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Занның 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Көкпекті ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Көкпекті ауылындағы Садовая көшесінің атауы – Шақар Көшкімбаев көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын
3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көкпекті ауылдық округінің әкімі

Б. Смаилов